

**Абай облысы ДСБ**  
**«Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғарғы медицина колледжі»**  
**ШЖҚ КМК**

**Әкімшілік кеңестің кезектен тыс**  
**№ 19 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ**

21.01.2025 ж.

**Қатысқандар:**

Ульбауова А.М. – колледж директорының м.а.  
Нурғалиева Г.Т. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары  
Тулумгужинова Г.Р. – директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі басшысы  
Едильбаева А.К. – Персоналды басқару қызметінің басшысы  
Садықова Э.М. – бас бухгалтер  
Какенова А.К. – әдіскер  
Медетова Г.Е. – әдіскер  
Муздыбай Г.А. – бөлімше меңгерушісі  
Койшыбаева С.Т. – бөлімше меңгерушісі  
Ахметова Г.С. – бөлімше меңгерушісі  
Нугуманов Г. Т – АТ бөлім бастығы  
Мажакеева Н. К. – оқу бөлімінің меңгерушісі  
Куанышбаева Д.Р. – кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру бойынша жауапты маман

**Тыңдалды:**

1. Бірінші сұрақ бойынша:

Бөлімше меңгерушісі – Рахимбаева М.Ж. - «Емдеу ісі» мамандығы бойынша ІІ Емдеу ісі «Ф» тобының білім алушысы Хайбуллина Камилла Ахатовна (№25-с от 14.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққанын хабарлады. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша ІІ курста «өте жақсы» және «жақсы» деңгейлеріне сәйкес баға алған студенттердің жоқ болуына байланысты, сондай-ақ оқу процесінің басымдылығын ескере отырып, бос бюджеттік орынды толтыруға балама (альтернатива) жоқ екенін атап өтті. «Стоматология» мамандығы бойынша І Дантист «С» тобының білім алушысы Попов Кирилл Леонидович (№56-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққанын атап өтті. Босаған бюджеттік орынға І курс орыс тілінде Стоматология мамандығы бойынша ақылы негізде жалғастырушы топтардың болмауына байланысты үміткерлерді І Емдеу ісі «Д» тобынан ұсынды.

Коммерциялық негізде І курс Емдеу ісі «Д» тобында оқитын білім алушылар:

1. Гатаулина Алина Серикжановна – толық емес отбасы. Анасы – «Әкежан» дүкенінде сатушы. Орта балл – 5,0.
2. Гатаулина София Альфридовна – толық отбасы, отбасында кәмелеттік жасқа толмаған 2 бала. Анасы – үй шаруасында, әкесі – 3 топ мүгедегі. Орта балл – 5,0.
3. Меркушова Дарья Сергеевна - толық отбасы. Анасы – мектепте техникалық персонал, әкесі – «Ореон» дүкенінде сатушы. Орта балл – 4,8.

## 2. Екінші сұрақ бойынша:

Бөлімше меңгерушісі – Муздыбай Г.А. - «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша І Мейіргер ісі «А» тобының білім алушысы Болатов Амир Айбекұлы (№50-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққанын атап өтті. Босаған бюджеттік орынға І курс қазақ тілінде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ақылы негізде жалғастырушы топтардың болмауына байланысты үміткерлерді І Емдеу ісі «Д» тобынан ұсынды.

Коммерциялық негізде І курс Емдеу ісі «Д» тобында оқитын білім алушылар:

1. Гатаулина Алина Серикжановна – толық емес отбасы. Анасы – «Әкежан» дүкенінде сатушы. Орта балл – 5,0.
2. Гатаулина София Альфридовна – толық отбасы, отбасында кәмелеттік жасқа толмаған 2 бала. Анасы – үй шаруасында, әкесі – 3 топ мүгедегі. Орта балл – 5,0.
3. Меркушова Дарья Сергеевна - толық отбасы. Анасы – мектепте техникалық персонал, әкесі – «Ореон» дүкенінде сатушы. Орта балл – 4,8.

## 3. Үшінші сұрақ бойынша:

Бөлімше меңгерушісі – Койшыбаева С.Т. - «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ІІ Мейіргер ісі «С» тобының білім алушысы Нұрпеис Мадина Сабитқызы (№55-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққанын хабарлады. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша ІІ курста «өте жақсы» және «жақсы» деңгейлеріне сәйкес баға алған ақылы топ білім алушыларының жоқ болуына байланысты, сондай-ақ оқу процесінің басымдылығын ескере отырып, бос бюджеттік орынды толтыруға балама (альтернатива) жоқ екенін атап өтті.

## 4. Төртінші сұрақ бойынша:

Бөлімше меңгерушісі – Ахметова Г.С. - «Емдеу ісі» мамандығы бойынша ІІ Емдеу ісі «А» тобының білім алушысы Нұржан Анэль Нұржанқызы (№47-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен, ІІ Емдеу ісі «В» тобының білім алушылары Құсайын Айнұр Бейбітқызы (№44-с от 20.01.2025 ж.), Жеңісқызы Гүлім (№45-с от 20.01.2025 ж.), Кабиржанова Мариям Тұрсынханқызы (№46-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққандарын хабарлады. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша ІІ курста «өте жақсы» және «жақсы» деңгейлеріне сәйкес баға алған ақылы топ білім алушыларының жоқ болуына байланысты, сондай-ақ оқу процесінің басымдылығын ескере отырып, бос бюджеттік орынды толтыруға балама (альтернатива) жоқ екенін атап өтті.

«Емдеу ісі» мамандығы бойынша 11 сынып негізінде ІІ Емдеу ісі «1» тобының білім алушысы Амангазина Сабина Талғатқызы (№32-с от 16.01.2025 ж.) академиялық үлгермеушілік үшін және Сапа Алинура Берікқалиқызы (№42-с от 20.01.2025 ж.) өз еркімен оқудан шыққандарын хабарлады. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы бойынша ІІ курста «өте жақсы» деңгейіне сәйкес баға алған студенттердің жоқ болуына байланысты, сондай-ақ оқу процесінің басымдылығын ескере отырып, бос бюджеттік орынды толтыруға балама (альтернатива) жоқ екенін атап өтті.

### Қаулы:

1. Бөлімше меңгерушісі – Рахимбаева М.Ж. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бюджеттік орын босағаны және босаған бюджеттік орынға II курс жалғастырушы топтардан қысқы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» және «жақсы» деңгейіне сәйкес бағалары бар басқа үміткерлердің жоқ екені жайлы акпараты ескерілсін. Үміткерлердің болмауына байланысты ББ - 024 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орынға ешкімді ауыстырмау туралы бірауыздан шешім қабылдансын.
2. Әкімшілік кеңес мүшелерінің басым бөлігінің шешімімен ББ-024 «Стоматология» мамандығы бойынша босаған бюджеттік орын I курс Емдеу ісі мамандығына берілсін.
3. Бөлімше меңгерушісі – Рахимбаева М.Ж. «Стоматология» мамандығы бойынша бос бюджеттік орынға студентті ауыстыру туралы акпараты ескерілсін. Әкімшілік кеңес мүшелерінің бір ауыздан қабылданған шешімімен I Емдеу ісі «Д» тобының білім алушысы Гатаулина Алина Серикжановна ББ-024 бойынша босаған бюджеттік орынға ауыстырылсын. ББ-024 бағдарламасы бойынша білім алатын жаңа қабылдау тобының студенті ретінде шәкіртақы тағайындалсын. Алдағы уақытта Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және мөлшерлемелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы 2 тармағына сәйкес емтихан сессиясының қорытындысы бойынша, шәкіртақы комиссиясының шешімі негізінде шәкіртақыны тағайындау қарастырылсын. Оқуын I Емдеу ісі «Д» тобында жалғастырсын.
4. Әкімшілік кеңес мүшелерінің басым бөлігінің шешімімен ББ-024 «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша босаған бюджеттік орын I курс Емдеу ісі мамандығына берілсін.
5. Бөлімше меңгерушісі – Муздыбай Г.А. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша бос бюджеттік орынға студентті ауыстыру туралы акпараты ескерілсін. Әкімшілік кеңес мүшелерінің бір ауыздан қабылданған шешімімен I Емдеу ісі «Д» тобының білім алушысы Гатаулина София Альфридовна ББ-024 бойынша босаған бюджеттік орынға ауыстырылсын. ББ-024 бағдарламасы бойынша білім алатын жаңа қабылдау тобының студенті ретінде шәкіртақы тағайындалсын. Алдағы уақытта Мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және мөлшерлемелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы 2 тармағына сәйкес емтихан сессиясының қорытындысы бойынша, шәкіртақы комиссиясының шешімі негізінде шәкіртақыны тағайындау қарастырылсын. Оқуын I Емдеу ісі «Д» тобында жалғастырсын.

6. Бөлімше менгерушісі – Койшыбаева С.Т. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша ІІ Мейіргер ісі «С» тобында бюджеттік орын босағаны және босаған бюджеттік орынға ІІ курс жалғастырушы топтардан қысқы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» және «жақсы» деңгейіне сәйкес бағалары бар басқа үміткерлердің жоқ екені жайлы ақпараты ескерілсін. Үміткерлердің болмауына байланысты ББ - 024 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орынға ешкімді ауыстырмау туралы бірауыздан шешім қабылданды.
7. Бөлімше менгерушісі – Ахметова Г.С. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша ІІ Емдеу ісі «А» және ІІ Емдеу ісі «В» тобында бюджеттік орындар босағаны және босаған бюджеттік орындарға ІІ курс жалғастырушы топтардан қысқы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» және «жақсы» деңгейіне сәйкес бағалары бар басқа үміткерлердің жоқ екені жайлы ақпараты ескерілсін. Үміткерлердің болмауына байланысты ББ - 024 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орындарға ешкімді ауыстырмау туралы бірауыздан шешім қабылданды.
8. Бөлімше менгерушісі – Ахметова Г.С. «Емдеу ісі» мамандығы бойынша ІІ сынып негізінде ІІ Емдеу ісі «1» тобында бюджеттік орындар босағаны және босаған бюджеттік орындарға ІІ курс жалғастырушы топтардан қысқы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша «өте жақсы» және «жақсы» деңгейіне сәйкес бағалары бар басқа үміткерлердің жоқ екені жайлы ақпараты ескерілсін. Үміткерлердің болмауына байланысты ДСБ-043 бағдарламасы бойынша босаған бюджеттік орындарға ешкімді ауыстырмау туралы бірауыздан шешім қабылданды.

Хатшы



Рахимбаева М.Ж.